ДОСТЫК ТРАНСТЕРМИНАЛ – СОВРЕМЕННЫЙ ИНФРАСТРУКТУРНЫЙ ПРОЕКТ С ОЧЕНЬ ИНТЕРЕСНОЙ СТРАТЕГИЕЙ РАЗВИТИЯ. ЭТО НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ, НОВЫЙ ПОТЕНЦИАЛ И НОВЫЕ ОБЪЕМЫ ПЕРЕВОЗОК НА МАРШРУТЕ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ. А НОВЫЕ ОБЪЕМЫ ТРЕБУЮТ СОЗДАНИЯ РЕЗЕРВОВ: И ПО ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ, И ПО НОВЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ. ВСЕ ЭТО НАПРЯМУЮ ВЛИЯЕТ НА СКОРОСТЬ ОБРАБОТКИ КОНТЕЙНЕРОПОТОКА, ЧТО КРАЙНЕ ВАЖНО ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАШЕГО СЕРВИСА.

Алексей ГРОМ,
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»



№53-54 (2661-2662)
16/07/2021
rail-news.kz

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА



## ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ – НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ

**Большинство бизнес-процессов в АО «Пассажирские перевозки» будут оптимизированы и автоматизированы, так как в условиях цифровой экономики в приоритете цифровизация. Об этом во время рабочей поездки в Павлодарское Прииртышье сообщил генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Петер Штурм.**

**Жанара ЖУСУПОВА,**
Павлодар

Чтобы изучить реальную картину работы в регионах Петер Штурм приехал в Павлодарскую область на поезде. Во время поездки он побеседовал с пассажирами о качестве вагонов, обслуживании, выслушал их предложения по улучшению условий перевозок.

– Население дало удовлетворительную оценку нашей работе, чему я очень рад, нужно продолжать двигаться в этом направлении. Были и пожелания от людей, к которым мы должны в первую очередь прислушиваться, – сказал г-н Штурм во время встречи с сотрудниками Павлодарского участка регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки».

Председатель правления рассказал о главных направлениях в работе АО «Пассажирские перевозки», которые при полной их реализации должны вывести компанию на новый уровень развития.

*(Окончание на 3 стр.)*

*Фото Натальи ЗИНЧЕНКО*

## ЖҮК АҒЫНЫ ТОЛАССЫЗ

**Түркіменстанмен шекаралас Болашақ станциясында қазақстандық және транзиттік жүктер ағыны толассыз өткізілуде. Жыл басынан бергі алты айда аталған мемлекетаралық шекаралық түйісу нүктесі арқылы шетелден 198 пойыз қабылданып, 219 пойыз жөнелтілген.**

Станция бастығының шұғыл жұмыстар жөніндегі орынбасары Нұрасыл Анарбаевтың айтуынша, пандемияға байланысты қалыптасып отырған жағдайға қарамастан станцияда шетелдерге жүк жіберіп, олардан қабылдау жұмыстары қалыпты жағдайда жүргізілуде.

– Маңғыстау табиғатының ерекшелігіне байланысты өлкеде тұтынылатын жеміс-жидектер мен көкөністердің 80 пайызы сырттан әкелінеді. Сондықтан станция арқылы біз қабылдайтын жүктер арасында міндетті түрде жеміс-жидек мол, сонымен қатар картоп, кептірілген жемістер, күкірт, тұрмысқа қажет тұтынатын заттар болады. Ал Қазақстаннан жіберілетін жүктерді негізінен темір құбырлар, бидай, ұн, күнбағыс майы, қара металл, кесілген ағаш материалдары, жүк авто көліктері құрайды, – дейді станция бастығының орынбасары.

Былтырдан бері COVID-19 коронавирус індеті таралуының алдын алу үшін пойыздарды қабылдау мен өткізу тәртібі өзгертіліп, екі ел теміржол әкімшіліктерінің келісімі бойынша жүк пойыздарын қабылдау кезінде Түркіменстан мен Қазақстан теміржолшыларының байланысын барынша болдырмай отырып, жұмыс жүргізіліп келеді. Станцияда алдын алу жөніндегі барлық шаралар қабылданған. Жұмысшыларға маскалар, антисептиктер, респираторлар, қолғаптар берілген. Жұмыс орындары зарарсыздандырылуда, техникалық сабақтар мен кеңестер онлайн режимінде өткізілуде.

*Райхан РАХМЕТОВА,*
*Нұр-Сұлтан*

**Ақмарал БАЙҒАБЫЛОВА,**
Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ. ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАҚСЫ БОЛҒАНДА ҒАНА, КОМПАНИЯ ЖҰМЫСЫ АЛҒА ӨРЛЕЙТІНІ АНЫҚ. СОНДЫҚТАН КОМПАНИЯ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖАҚСЫ БОЛУЫНА БАРЫНША ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП КЕЛЕДІ. КОМПАНИЯДА ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ МЕН ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМШАРТ БАР. БҰЛ ҚҰЖАТ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН ҚАМТЫП, КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА КОМПАНИЯ БОЙЫНША ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ
**126 МЛН ТОННАНЫ**
ҚҰРАДЫ.

ЕРТЕ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КОМПАНИЯ ТОБЫНДАҒЫ
**900**
ЖУЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАН.

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН КОМПАНИЯ ТОБЫ
**2600**
АСТАМ ЖҮК ВАГОНЫН САТЫП АЛЫП, ПАРКТІ ЖАҢАЛАУДЫ КӨЗДЕП ОТЫР

### Әлеуметтік жүк

## ШЫҒЫСТА АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ БАСТАЛДЫ

**Елдің шығысында күздік бидайға орақ салынды. Шілденің басында пісіп жетілген ел ырысын қамбаға жеткізіп, құйып алуға семейлік теміржолшылар да атсалысуда. Бүгінде Шар – Жарма, Семей – Локоть телімінің бойындағы бірқатар станцияларда астық тиеу науқаны қарқын алуда.**



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Осы айдың алғашқы күндерінен бері станция қызметкерлері бос вагондарды жинап, тиелген астықтарды Семейдегі қамбаға жөнелту бойынша қарқынды жұмысқа көшкен. Сәйкесінше, бірқатар мәселелер де туындауда. Атап айтсақ, жүзге тарта теміржолшы еңбек ететін, жүк тасымалы бойынша қозғалыс барысы аса жоғары Ауыл станциясында астық тасымалына орай қарбалас басталды. Жергілікті диқандар тарапынан жүк жөнелтуге байланысты өтінімдер көп түсе бастаған. Сондықтан жабық контейнерлермен тасымалданатын сусымалы өнімдерді діттеген жерге жеткізу міндеті күн тақырыбына қойылды. Соған орай станцияның тауар кассасы мен пойыз құрастырушылар жұмысы артты.

Дәл қазіргі күндері бір техникалық процесс барысында 6 вагонды жылдам әзірлеп жолға шығара аламыз. Дегенмен өңірдегі астықпен қатар, қарақұмық, рапс және күнбағыс дақылдарының пісуіне байланысты алдағы айдан бастап жұмыс одан әрі күрделене бермек. Сондықтан, бөлімшеге қосымша маневрлік пойыз сұрап, өтініш жібердік. Басты тапсырыс беруші «Шығыс-Астық» ЖШС биылғы жылғы тасымалданатын өнімнің мол болатынын айтуда, – дейді істің басы-қасында жүрген Ауыл станциясының басшысы Қарлығаш Райымханова.

Астық тасымалы жаңа қарқын алғанымен станция қызметкерлері жоспарлы межеден ауытқымай еңбек етуде. Керісінше, науқанды пайдаланып көрсеткіш көлемін апта сайын еселеп өсіру көзделуде. Қазіргі күні бір мезетте 15 вагонды жолға шығаруға мүмкіндік бар екендігі дәлелденді. Бүгінде бір жөнелтілім бойынша ең кемі 6 немесе 10 вагонға тапсырыс беріледі екен.

Қазіргі таңда ұлттық компаниямен тығыз әріптестік орнатқан«Шығыс-Астық» ЖШС кірме жолдарында қарбалас басталып келеді.Қырманнан астық қоймаларына, одан станция басына жеткізілетін ас атасы бидай белгіленген жерге қатаң күзетпен жөнелтіледі.Биылғы ерекшелік – тасымалданатын барлық астық әзірге тек ел ішіндегі қамбалар мен ұн-құрама жем комбинаттарына ғана жөнелтілуде.

– Станциялар бойынша астық тиеу мен жеткізуде кедергі болмайды деп ойлаймыз. Жабық вагондардың жеткілікті болуына күш салудамыз. Тасымал процесі басшылықтың қатаң назарында тұр. Өткен жылы өңірімізде миллион тоннадан жоғары көлемде ауыл шаруашылық дақылдары жиналған болатын. Оның 450 мың тоннадан астамы бидай өнімі болатын, – дейді бұл орайда пікір білдірген бөлімшенің логистика және тасымалды ұйымдастыру бөлімінің мамандары.

Алайда, биылғы меже бұдан да жоғары болады деп күтілуде. Оған себеп, ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Семей қаласына сапар барысында күнбағыс тұқымын өңдейтін «Qazaq astyq group»ЖШС атты май экстракциялайтын зауытты ашқан болатын. Кәсіпорынның қуаттылығы – тәулігіне 1000 тонна күнбағыс тұқымын немесе 800 тонна зығыр тұқымын өңдеп шығарады. Қазіргі таңда кәсіпорынның кірме жолы жөндеуден өткізілген, ондағы маневрлік қозғалыс барысы Семей станциясы қызметкерлерінің жіті қадағалауында. Өндіріс толық қуатына көшкен шақта оған жөнелтілетін вагондар саны да жоспарлы түрде еселеп өспек.

Жалпы, бөлімше бойынша Семей, Жаңа-Семей, Жаңғызтөбе, Аягөз, Ауыл, Белағаш станциялары бойынша астық тасымалының басталуына орай даярлық шаралары соңғы кезеңге жеткізілген. Себебі, алдағы айдан бастап қарақұмық, күнбағыс, соя тиеуге өтінім беретін жеке клиенттер саны артады. Егер ел үкіметі астық пен мал азықтық дақылдарды шет елге шығаруға тыйым салмайтын болса, жылдағыдай Ауғанстан, Моңғолия, Орта Азия мемлекеттері т.б елдерге де пойыз құрастырып, жолға шығарылатын болады.

*Суретті түсірген автор*

## ОБУЧЕНИЕ В HR-АКАДЕМИИ

**Более 70 слушателей прошли онлайн-обучение в третьем потоке HR-Академии АО «НК «ҚТЖ». В связи с пандемией обучение проходило в онлайн-формате.**

Железнодорожники получили знания по таким темам, как «Обучение и развитие персонала», «Оценка деятельности: актуальные тренды и действующая система», «Основы HR», «Оплата труда, компенсации и льготы», «Развитие корпоративной культуры и внутренних коммуникаций», «Стрессоустойчивость», «Кадровое администрирование», «Цифровые навыки для эффективной работы», «Эффективные коммуникации», «Эмоциональный интеллект» и многим другим.

Как отмечают сами тренеры, несмотря на то, что обучение проходило «онлайн», они чувствовали большую заинтересованность и вовлеченность слушателей. Была налажена активная обратная связь, и обучающиеся не только получили ответы на все свои вопросы, а постоянно делились своим видением и мнением.

К примеру, во время прослушивания темы «Управление конфликтами» многие поделились своими методами, как можно находить компромиссы в тех или иных ситуациях.

По мнению слушателей вебинаров HR-Академии, такое обучение очень полезно и применимо не только в работе, но и пригодится в жизни в целом.

*Асель ШАЙХЫНОВА,*
*Нур-Султан*

## МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ЖЕҢІМПАЗ

**Өндірістік-шаруашылық қызмете жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін Атырау магистральдық желі бөлімшесі өткен жылдың қорытындысымен салалық жарыс жеңімпазы деп танылды.**

Мұндай жарыс жыл сайын еңбек ұжымдары арасында тоқсан, жарты жыл және жыл қорытындысымен өтіп тұратыны белгілі. Соған сай «Салалық жарыстың жеңімпазы» деген атақ өндірістік, шаруашылық, қаржылық және кадрлық қызметте, сонымен қатар пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген еңбек ұжымдарына беріледі. Атырау магистральдық желі бөлімшесі 2020 жылы салалық жарыстың барлық көрсеткіштері бойынша ең жоғарғы балл жинаған. Яғни, бөлімше бойынша өндірісте күрделі ақауларға жол берілмеген, өндірістік жарақат алу жағдайлары, аппаттық жағдайлар тіркелмеген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының бөлімшеге қарасты еңбек ұжымдарын моральдық көтермелеу жөніндегі жұмыс тобының 2020 жылғы салалық жарысты қорытындылау бойынша жиналысының хаттамасы негізінде Атырау магистральдық желі бөлімшесі 1-ші орынға ие болып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Мекеменің озық қызметкерлеріне «Үздік маман», «Кәсібі бойынша үздік» атақтары және жұмысшыларға сыйақы берілді. Ал Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елубай Сапаров «Үздік басшы» төсбелгісін иемденіп, үздік бөлімшенің мерейін үстем ете түсті.

## ҚАН ТАПСЫРЫП – ӨМІР СЫЙЛА!

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

АКЦИЯ

**«Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінде кәсіподақ комитетінің және Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының ұйымдастыруымен «Қан тапсырып – өмір сыйла!» атты қайырымдылық акциясы өтті.**

Мақсат – адамдардың өміріне араша болу үшін қоғамды ақысыз түрде қан доноры болуға шақыру, әрбір азаматтың өз еркімен қан тапсыруының жүйелілігін қалыптастыру. Вокзалдың ұжымынан қан тапсыру штабына өтіп, аталған акцияға қатысқан 9 адам болды. Олар – Үсен Маменов, Зәмзәгүл Нәдірханова, Нұрболат Төлебаев, Аслан Жадранов, Ботагөз Шамшиденова, Мадина Кусаинова, Әділет Жақанов, Бауыржан Әбдімәлік, Данияр Кенжегозин. Ерікті түрде қан тапсыратындар қатарында жастар көп. Бір айта кететіні, жыл сайын елімізде 200 мыңнан астам адам қан тапсырады, оның ішінде 18 мыңға жуық донор – үш және одан да көп рет қан тапсырушылар екен.



## ӨРТ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

**Шілденің аптап ыстығы қай өңірге болмасын оңайға соғып отырған жоқ. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында теміржолшылар төтенше жағдай қызметімен бірлесе тілсіз жаудан сақтануға арналған оқу-жаттығу өтті.**

Кешенді жаттығуға аудандағы барлық құрылымдар мен мекемелер, өрт сөндіру пойыздары түгел қатысты. Жаттығу төтенше жағдайда күш құрылымдарының дайындығын тексеріп, іс әрекетіне баға берді. Мәртөк ауданында өрт қаупі жоғары орманды алқап бар. Оқу-жаттығу жоспары бойынша сондағы Таулы орман шаруашылығының аумағында өрт пайда болады. Ауа райының қолайсыз жағдайларына байланысты қатты жел мен қуаңшылықтан аумақтағы өрттің тез жайылып кету қаупі бар.

«Орман – ортақ байлығымыз. Оны сақтау әр тұрғынның міндеті. Жазда табиғат аясында демалып, уақыт өткізетіндер көп. Бірақ, жер ошақ қазып отты өшірмей кететіндер, қоқыстарды сол жерге шашып кететіндер көп. Одан өрт шығуы әбден ықтимал. Тіпті лақтыра салған темекі тұқылының өзі бүкіл алқапты өртке ораған жағдайлар да болды. Біздің міндетіміз теміржол бойын өрттен қорғау болғандықтан, ыстық күндері оқу-жаттығу жұмыстарын осы аумақта өткізіп жатырмыз»,– дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Жаттығу барысында өртке қарсы қызметтердің күш құралдарының қатысу тәртібі, өрт пойыздарының жұмысы, олардың бір-бірімен байланысы мен әрекет ету жаттығулары ұйымдастырылды.

Шара барысындағы эвакоқабылдау пунктіне көшу жұмыстары да жоспардағыдай жасалып, эвакуацияланған тұрғындарды қабылдау орналастыру тәртібі көрсетілді. Кешенді комиссия қорытындысына сәйкес теміржол бойындағы өрттің алдын алу жұмыстарына оң баға берілді. Бұл оқу-жаттығулар түрлі төтенше жағдайлардың алдын алуға септігін тигізетіні атап өтілді.

*Суретті түсірген автор*

# ЖОЛ КҮТІМІ – ЖОЛШЫЛАР ЕҢБЕГІ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Жамбыл жол дистанциясының Жаңатас станциясындағы өндірістік телімі қиын да күрделі учаске саналады. Тау ішінен тартылатын қос рельстен жүк тасымалы қай кезде де толастаған емес. Әсіресе, «Қазфосфат» ЖШС өндірген фосфор рудалары күн демей, түн демей ағылып жатады.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл

Соңғы жылдары оған «ЕвроХимнің» жүк вагондары қосылды. Сондықтан пойыздардың қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін жолшылардың жұмысы жылдың төрт мезгілінде де қызу жүріп жатады. Жаңатас теліміндегі 5-ші бригаданың жетекшісі Дүйсен Түсіпов осы салада 36 жылдан бері еңбек етіп келеді. «Біздің жұмыс ешқашан біткен емес, жазда жол жөндеу, қыста қар күреу, жолдарды ашу. Жаңатастың табиғаты қатал, қарлы бораны көпке аян. Жолдарды жауып тастайды. Ондай кезде бригада-бригада болып, қар күреуге жұмыламыз. Әсіресе, Қаратау сілемдерінің арасымен өтетін теміржолдардан пойыздар кедергісіз өту үшін көп жұмсаймыз. Ал күн жылына жол жөндеу жұмыстарынан бөлек, жолды жауып қалатын шөп жұлу науқаны басталады», – дейді Дүйсен Күзенбайұлы.

Қазіргі таңда бұл бригадада төрт жолшы еңбек етеді. Олар Қали Тынымбаев, Талғат Кенбаев, Сәбит Өміралиев, Қанат Әбусабыров. Қай-қайсы да өз істерінің кәсіби мамандары саналады. Жолшылар бригадасы күнделікті рельстерді арнайы шаблонмен тексереді. Босап қалған тұстарын кілттерімен тартып, қайта қағады. Кеңейіп кеткен жері болса, оны қайта түзеп, бірдейлігіне назар аударады.



«Қазақстан темір жолы» компаниясының құрамында жұмыс істеу қазіргідей дағдарыс кезеңінде бізге үлкен демеу, қамқорлығын үнемі сезінеміз. Айлық жалақымыздан бөлек, кәсіподақтың тарапынан әлеуметтік пакеттер, материалдық көмектер ұсынылып тұрады. Тіпті, отбасылық қуаныштарымызда, қиындықтарымызда бастауыш кәсіподақ ұйымының жәрдеміне арқа сүйейміз», – деп өз ойымен бөлісті Қанат Әбусабыров.

Дәл қазіргі кезде бригада Жаңатас станциясының аумағындағы жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізуде екен.

– Жолдағы жарамсыз шпалдарды ауыстырып жатырмыз. Соңғы кезде жолдарға бетон шпалдар қойылып жатыр, күндердің күнінде бізге де жетер. Қазірше жолдарда ағаш шпалдар, оны ауыстыру бізге оңай. Өйткені, 70-80 килограмм ғана салмағы. Ал бетон шпалдар 250 килограмм тартады. Алайда, қазіргі заманауи технологиялар көп жұмысты жеңілдетіп берді ғой. Рельстерді тартатын болсақ та, шебінделерді төсеп, тегістейтін болсақ та, арнайы қондырғыларды алдырамыз. Олар жұмыстың сапасын да арттырып, жедел бітуіне де септеседі. Ілгеріде барлығын 10-15 жолшы жүріп қолмен, қарапайым техникалармен атқаратын едік, – дейді Дүйсен Түсіпов.

Жаңатастық жолшылардың бір күнгі жұмысына куә болып, қыс болса желдің өтінде, қардың астында, жаз болса күннің ыстығына қақталып шаруаларын шатқаяқтатпай жүрген жолшылардың әр күнгі жұмысы ерлікпен пара-пар екеніне көз жеткіздік. «Арагідік Түркісіб, Ақшолақ, Малдыбай станцияларының телімдеріне де жұмыс сапарымен барып, жөндеу жұмыстарына атсалысамыз. Бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы болғасын бір бірімізге көмек қолын созып, жолшылар абыройы үшін аянбақ емеспіз», – деген Дүйсен Күзембайұлының сөзінен кейін сары күртеше киген жолшылар жұмысына сәттілік тілеп, Жаңатастан аттанып кеттік.

*Суретті түсірген автор*

# ЖЕМ-ШӨП ЖЕТКІЗІЛУДЕ

КӨМЕК

**Қазір Маңғыстау өңірінде жем-шөп алтыннан да құнды дүние болып тұр. Құрғақшылықтың салдарынан талғажау етіп отырған бір-екі тұяқтың көтерем болып жатқанына құлазыған халыққа қандай көмек болса да артық емес.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Сондықтан мал азығын жеткізу жайы түбекте басты мәселенің біріне айналған. Оған түбектік теміржолшылар да үлесін қосуда. Аймаққа өзге өңірлерден қолдау ретінде жіберіліп және кәсіпкерлер жеткізіп жатқан жем-шөптің теміржолмен жедел тасымалдануына атсалысуда.

– Күні кеше еліміздің оңтүстігінен теміржолмен маңғыстаулық шаруаларға 5 вагон шөп жолға шықты. Оны Сарыағаштың азаматтары демеушілік көмек ретінде жіберіп отыр. Сол жүктің халыққа жылдам жетуі үшін біздің тарапымыздан да тиісті іс-шаралар жасақталуда. Бұл вагондар Маңғыстау, Өзен, Жетібай, Бейнеу, Шетпе станцияларына жеткізіледі. Қазір Шымкент пен Қызылорда облыстарында жүк пойыздарымен келе жатқан жүктің маршрутын қадағалап отырмыз, кідіріске жол бермеуге



тырысудамыз, – деген Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесі Маңғыстау қосалқы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов дәл қазір Маңғыстау, Бейнеу, Шетпе станцияларында жеке кәсіпкерлердің де 3 вагон кебек пен шөбі түсіріліп жатқанын айтады.

Директор орынбасарының сөзіне сүйенсек, бұдан басқа тағы да осындай 6 вагон жүк Маңғыстауға қарай бет алыпты. Оның бәрі, яғни мал азығы ретінде түбекке жіберілген жүктердің кідірістерге тап болмай, әдеттегі уақыттан тезірек жетуі түбек теміржолшыларының жіті назарында.

Еске сала кетсек, теміржолдың мұндай қолдауының арқасында өткен айда да біраз вагон жем-шөп Маңғыстаудың станцияларына түсіріліп, шаруа қожалықтарына жол тартқан еді. Оның ішінде жеке кәсіпкерлерге, мекемелерге, жеке адамдарға келгеннен бөлек «Каспий» ӘКК» АҚ-ның «Азық-түлік Корпорация» АҚ-мен келісімшарты негізінде арзан бағамен жеткен он вагон арпа да болатын.

*Суретті түсірген автор*

# БАЯҒЫ ЖАРТАС СОЛ ЖАРТАС...

ҚАУІПСІЗДІК

**Жыл басынан бері бес айдың ішінде Шымкент жол дистанциясы бойынша пойыздың үш адамды, төрт қара малды басу оқиғасы орын алған. Осыған орай, жуырда Шымкент жол дистанциясының ұйымдастыруымен станция, желілік полиция бөлімі, аудан әкімдігінің өкілдері және ауыл тұрғындары қатысқан жиын өтті.**

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

Сала мамандары Шымкент қаласының маңайындағы Игілік ауылының тұрғындарын жинап, теміржол бойында мал жаюға, белгіленбеген жерден кесіп өтуге, қоршауды бұзуға болмайтынын, бұзған жағдайда әкімшілік жауапқа тартылып, айыппұл төлейтіндерін айтып, түсіндірді.

«Биыл қоршауларды жөндейміз, мал айдайтындар Бадам жақтағы көпірден ары қарай өткізесіздер. Ал сіздер алысқа баруға ерініп, осы жерден темір қоршауды бұзып, өте салуды әдетке айналдырғансыздар. Бұл өте қауіпті. Сіздердің салғырттықтарыңыздың салдарынан пойыздар жиі тоқтап, мал мен жан опат болуда» деп түсіндіріп жатты теміржолшылар халыққа.

Игілік ауылының биі Әлиакбар Дәуренұлы елді мекенде 230 отбасы тұратынын, оның әрқайсысында орта есеппен бес адамнан болғанда мың тұрғынға жетіп қалатынын айтты. Ауыл биінің айтуынша, он шақты отбасы ірі қара мал ұстайды екен.



«Иә, бізге әкімшіліктен келіп ескертіп, осындай жиналыстар өткізіп тұрады. Енді үкімет қалай шешеді, солай заңға бағынамыз. Мал ұстаған адамға жайылым жер керек. Бірақ бұл аумақта да, Бадамның ішінде де жайылым жер жоқ. Ал қалған жердің бәрі қоршаулы, ауыл шаруашылығына арналған. Тұрғындар да малдарын жайғысы келеді, былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады деген осы», – деді ауыл биі.

Ал Шымкент қаласы, Абай ауданы әкімі аппаратының Жаңаталап ауданы бойынша халықпен жұмыс істеу бөлімінің бас маманы Сәлимаш Сапарбекова бұрын бұл жерлердің бос жатқанын, халықтың заңсыз құрылыс салып алғанын айтты.

«Халықпен бірнеше рет жиналыс ұйымдастырылды, ескерту берілді. Бұрын бұл жердің бәрі бос жатқан, ауыл шаруашылығы мақсатында берілген жерге заңсыз құрылыс салып алған. Қазақпыз ғой, малдарыңызға ие болыңыздар деп келе жатқанымызға он жыл болды. Өздері де теміржолды кесіп өте салады, мал жаяды, салдарынан қанша шығын болып жатқанын біліп отырмыз», – деді Сәлимаш Сапарбекова.

Шымкент жол дистанциясының бас инженері Нұржан Жарылқап жауапсыз ауыл тұрғындарының кесірінен жыл сайын жұлым-жұлымы шыққан темір қоршауларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетінін айтты.

– Игілік-Бадам аралығындағы қараусыз жайылып жүрген мал біздің де бас ауруымызға айналды. Осы бес айдың ішінде 4 қара мал басылды, 2 шұғыл тежеу оқиғасы орын алды, үш адамды басып кетті. Игілік ауылының тұрғындары теміржол бойына мал жаюды әдетке айналдырған. Бүгінгі жиынға Абай ауданы әкімшілігі мен ауыл биін де шақырып отырмыз. Түсінік жұмыстарын жүргізуден кенде емеспіз. Былтыр ғана ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасап, темір қоршаудың бұзып кеткен жерлерін жалғадық. Биыл тағы да қоршаудың бәрін жөндеуге мәжбүрміз. «Өтуге болмайды, айыппұл салынады» деген белгілер іleміз. Кейде ауыл тұрғындарын малын жайып жүрген жерінен ұстап алсақ та, тіпті пойыз қағып кеткен сиырын танып тұрса да мойындамайтындары болады. Тұрғындарға теміржолдың бойы мал жайылымы емес екенін түсіндіре алмай келеміз», – деді бас инженер Нұржан Жарылқап.

Жалпы, Арыс пен Шымкент учаскесінің аралығы 88 шақырым. Игілік-Бадам станциялары аралығындағы ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жиі өткізсе де мал қағу, адам басып кету фактілері жыл сайын қайталанып келеді. Шымкент станциясы Жергілікті полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры Шарипа Сыздықова ауыл тұрғындары теміржол торабы бойында мал жаю қағидаттарын бұзса, бірінші жағдайда ескерту берілетінін, екінші рет алты ай ішінде қайталанатын болса 15 мың теңгедей айыппұл салынатынын жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

# ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ – НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ

*(Окончание. Начало на 1 стр.)*





– Важный аспект нашей работы – это клиентоориентированность. Способность вовремя определять желания получателей услуг приводит только к успеху. Это доказано на опыте международных компаний, которые достигли больших высот, – отметил Петер Штурм. – Осенью по некоторым направлениям мы запустим отдельные вагоны для женщин. Это было одним из частых пожеланий наших клиентов,

Следующий шаг усовершенствования компании – обновление вагонного парка. Перевозчик за последние два года уже приобрел 209 новых вагонов, оснащенных биотуалетами и другими новшествами, и до конца года планирует приобрести дополнительно около 100 новых вагонов. Кроме того, в настоящее время проводится международный тендер на поставку около 500 вагонов. Решения будут приняты в ближайшее время.

В ходе встречи Петер Штурм также попросил проводников и всех сотрудников активно использовать в своей работе новое мобильное приложение «программа оценки качества подготовки состава», которое позволит вести полный контроль перевозочного процесса, фиксировать ошибки, недочеты, дефекты при отправке вагонов в рейс и в пути следования. В нем также предусмотрена система контроля проверки устранения выявленных замечаний. Данное приложение успешно прошло апробацию в нескольких регионах страны, и многие сотрудники высоко оценили его возможности.

Глава АО «Пассажирские перевозки» поделился планами по цифровизации бизнес-процессов внутри компании. Так, для пригородных и дальних маршрутов до конца года планируется запустить «хабовую» модель перевозок. Для реализации проекта планируется обновить вагонный парк электричками. По мнению Петера Штурма, с появлением более совершенных технологий наращивается эффективность труда путем автоматизации рабочих процессов, цифровизации бизнес-процессов.

Он также озвучил, что Казахстан сегодня нуждается в интермодальных перевозках. Это так называемые смешанные перевозки «от двери до двери» с использованием нескольких видов транспорта. Сейчас идет разработка проекта, и в пробном режиме его запустят в Алматы. Внедрение интермодальных перевозок для АО «Пассажирские перевозки» станет большим шагом вперед и усилит позиции перевозчика.

Проводники в свою очередь отметили важность и необходимость внедрения инноваций, а также подняли ряд волнующих их вопросов, в частности, улучшения условий работы для женщин в зимний период, сокращения пенсионного возраста. Г-н Штурм заверил, что все вопросы и предложения в обязательном порядке будут рассмотрены.

Глава АО «Пассажирские перевозки» в ходе поездки посетил прачечный цех ТОО «АМИРА.KZ», которое на протяжении многих лет занимается поставкой комплектов чистого белья и экипировкой поездов АО «Пассажирские перевозки», детально ознакомился с технологическим процессом обработки постельных принадлежностей и мягкого съемного инвентаря.

Директор ТОО «АМИРА.KZ» Майра Каменова рассказала, что в этом году во втором прачечном цехе заменят оборудование на более современное, реконструируют систему вентиляции. На смену маленьким стиральным машинам придут новые на 100 килограммов.

– Обработка белья проводится шестью видами моющих средств, сейчас работают две смены по 15-20 человек, до пандемии было четыре. Надеемся, что в ближайшее время стабилизируется ситуация, и мы вернемся к прежнему режиму работы, – говорит она.

Петер Штурм также встретился с сотрудниками АО «Вагон-сервис», осмотрел несколько новых пассажирских вагонов, которые уже курсируют по маршрутам.

*Фото Натальи ЗИНЧЕНКО*

# РЕКОРДСМЕНЫ ПО УКЛАДКЕ ШПАЛ

КАПРЕМОНТ

**На железнодорожных участках Карагандинского региона продолжаются летние путевые работы.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



По словам главного инженера Карагандинского отделения магистральной сети Александра Зайцева, капитальный ремонт осуществляется на участке 69 разъезд – Коктенколь. Всего запланировано отремонтировать 20 километров пути. Комплекс работ включает в себя оздоровление и профилактику земляного полотна, замену рельсошпальной решетки.

– Далее ремонтные работы будут производиться на блокпосте Нура с использованием современной машины SMD-80 австрийского производства, обладающей повышенной производительностью и экономической эффективностью, – рассказывает он. – Комплекс состоит из трех частей: подающего конвейера новых шпал, моторного вагона и самодвижущегося портального крана. Машина отлично справляется с укладыванием шпал всех видов.

Благодаря стараниям путейцев уже благополучно завершены ремонтные работы на участках Караганда-Пассажирская – Жарык и Калагир – Карамурун.

*Фото автора*

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 23 июля 2021 года, в 11.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденным решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

**На аукцион на понижение цены выставляется следующее Имущество:**

| № | Наименование транспорта | госномер | год | начальная стоимость | стартовая стоимость | минимальная стоимость | гарантийный взнос |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Iveco Power Daily | 875BH01 | 2015 | 6 452 307 | 19 356 920 | 5 161 845 | 967 846 |
| 2. | Полуприцеп Сзап 99051 | 35DDA01 | 2008 | 2 876 499 | 8 629 498 | 2 301 199 | 431 475 |
| 3. | Полуприцеп Сзап 99051 | 51DFA01 | 2008 | 2 780 616 | 8 341 848 | 2 224 493 | 417 092 |
| 4. | ГАЗ 5204 | 133CY02 | 1980 | 443 873 | 1 331 618 | 355 098 | 66 581 |
| 5. | Полуприцеп Одаз 885 | 03ESA02 | 1979 | 333 673 | 1 001 018 | 266 938 | 50 051 |
| 6. | Полуприцеп Сзап 99051 | 50CZA04 | 2008 | 2 812 578 | 8 437 733 | 2 250 062 | 421 887 |
| 7. | Камаз 5320 | 157CY02 | 1989 | 737 990 | 2 213 971 | 590 392 | 110 699 |

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги – в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавщий протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли – продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб – порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель подписавая протокол об итогах торгов подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

**Дополнительную информацию можно получить по телефонам 8 771 08 38 734 (АО «KTZ Express»), г. Нур-Султан, ул. Д. Қунаева, 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.**

# ПОКАЗАТЕЛИ УСПЕШНОСТИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

ИТОГИ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок подвели итоги эксплуатационных показателей за шесть месяцев текущего года.**



Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по экономике Ильяс Исмаилов, по итогам работы за первое полугодие показатели использования вагонного парка и парка локомотивов выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года.

Основные фондообразующие показатели – грузооборот и погрузка – выполнены к плану на 102,6% (115% к факту прошлого года), выгрузка – на 111% к плану, а к уровню прошлого года на 97,8. Процент порожнего пробега вагонов выполнен к плану на 101,4%, статнагрузка вагонов – на 100,8%, средний вес поезда выполнен на 100%.

*Фото автора*

# НАРУШИТЕЛИ НАКАЗАНЫ

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

ПРАВОПОРЯДОК

**С начала текущего года сотрудниками департамента полиции на транспорте МВД РК и его территориальными подразделениями за бродяжничество и попрошайничество с объектов железнодорожного и воздушного транспорта доставлен и помещен в центры адаптации 41 несовершеннолетний.**

В целом департаментом полиции на транспорте МВД РК и его территориальными подразделениями за различные административные правонарушения к административной ответственности привлечено более 23 000 правонарушителей, наложено административных штрафов на сумму более 59 миллионов тенге.

Об этом рассказал начальник департамента полиции на транспорте МВД РК Онал Бекиев. По его словам, всего по «нулевой терпимости» к административной ответственности привлечено почти 6 500 правонарушителей, в том числе за нарушение антиалкогольного законодательства по ст. 440 КоАП РК – 2 354, по ст. 441 КоАП РК за нарушение запрета курения – 498, по ст. 449 КоАП РК за приставание в общественных местах – 1 191, за нахождение несовершеннолетних без сопровождения взрослых в ночное время суток по ст. 442 КоАП РК – 200, за переход железнодорожных путей в неустановленных местах по ст. 559 ч.5 КоАП РК привлечено 13 227 правонарушителей, за торговлю в неустановленных местах по ст. 204 КоАП РК – 896 лиц.

Напомним, что за 6 месяцев текущего года транспортными полицейскими были проведены республиканские общественно-профилактические мероприятия «Правопорядок», «Нулевая терпимость», «Чистый вокзал», «Осторожно, поезд!», «Приемная на дороге» и другие.

# РАБОТАТЬ НА ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

ПРОФИЛАКТИКА

**В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо совместно с линейным отделом полиции по станции Оскемен-1 провели работу с населением по предупреждению несчастных случаев на железной дороге и профилактике наездов.**



Мероприятия проводились согласно факсограмме руководства ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и ставили целью сокращение числа наездов. Совместно с сотрудниками линейного отдела полиции проведена информационно-разъяснительная работа с населением вблизи железной дороги и на перронах.

С учащимися средних учебных заведений такая работа в летний период не проводилась из-за того, что они находятся на летних каникулах, отметили в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо.

Для того чтобы локомотивные бригады усилили бдительность на участках, наиболее уязвимых с точки зрения наездов на людей, с ними проводят ежесменный инструктаж. Такой же инструктаж локомотивные бригады получают по заблаговременному использованию тормозов в поезде для предотвращения наездов на людей.

При обнаружении на железнодорожных путях посторонних людей локомотивные бригады обязали сообщать дежурным по станциям и участковым ревизорам этого участка.

*Фото Дамет МАЖРАБАЕВОЙ*

ҚТ rail-news.kz

№53-54 (2661-2662) 16/07/2021

www.railways.kz

# ЗЕЙНЕТКЕ ЕРТЕ ШЫҒУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



Бағдарлама аясында **894 адам** зейнетке шықты

**Бағдарламаның негізгі мақсаты** – қызметкердің лауазымының қысқаруына байланысты табыссыз қалатын зейнет жасы алдындағы қызметкерлерге материалдық қолдау көрсету



## БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ШЫҒУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ АЛУДЫҢ 4 ПАРАМЕТРІ

### 1. КІМ ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Зейнет жасына кем дегенде 5 жыл қалған қызметкерлер
*(айырықша жағдайларда, денсаулық жағдайына байланысты зейнет жасына дейін 6 және одан аз жыл)*

www.railways.kz

### 2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ НЕЛЕРДІ ӨТЕЙДІ?

1. 4 айлық жалақыға дейінгі біржолғы төлем
2. ай сайын ақшалай жәрдемақы

www.railways.kz





### 3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖӘРДЕМАҚЫНЫ ҚАШАН ТӨЛЕЙДІ?

Еңбек шарты бұзылған сәттен бастап зейнет жасына толғанға дейін

www.railways.kz

### 4. ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Саладағы жұмыс өтіліне және зейнет жасына дейінгі ай санына байланысты 70 000 мен 200 000 теңге арасында

+ «ҚТЖ» ҰК» АҚ зейнеткерлері үшін жеңілдіктер

www.railways.kz





### БАҒДАРЛАМА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ, ЕГЕР КОМПАНИЯ:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобына жұмысқа орналастыруды ұсынса;
- қызметтерді аутсорсингке беру аясында компания тобына қызмет көрсететін басқа ұйымдарға жұмысқа орналасуды ұсынса;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобымен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасауды ұсынса.

Комиссия жоғарыда көрсетілген барлық себептерді ескере отырып, нақты шешімді бөлімшенің/еншілес ұйымның жұмыс тобы негізделген қорытындыға сәйкес қабылдайды.

Толық ақпарат алу үшін жұмыс орнындағы кадр

www.railways.kz

### ЗЕЙНЕТКЕ ТӨМЕНДЕГІ ШАРТТАР ОРЫНДАЛСА ЕРТЕ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ

1. Жұмыскердің қызметі қысқарса
2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына жұмысқа тұруға мүмкіндік болмаса:
- денсаулығына байланысты;
- тұрғылықты аймақта лайықты бос жұмыс орны жоқ болғанда;
- қызметкердің ұсынылып жатқан лауазымға біліктілігінің жеткіліксіздігі

www.railways.kz










8-771-191-88-16

КЖ ӨҚ мобильді қосымшасы арқылы

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

### «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»

Егер басшылар тарапынан заңсыз іс-әрекеттерге, әділетсіздікке тап болсаңыз, төмендегі телефон нөмірлерге хабарлауыңызды сұраймыз



ӘРБІР ӨТІНІШ
қаралып, жауап беріледі

8-800-080-4747
телефон арқылы





№53-54 (2661-2662) 16/07/2021





















www.railways.kz

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

# ПРОГРАММА РАННЕГО ВЫХОДА НА ПЕНСИЮ



**894** человека вышли на пенсию за время действия Программы

**Основная цель** – материальная поддержка работников предпенсионного возраста, которые остаются без дохода ввиду сокращения должности данного работника

## 4 ПАРАМЕТРА ВЫХОДА И ВЫПЛАТЫ ПРОГРАММЫ

**1. КТО МОЖЕТ ПРЕТЕНДОВАТЬ?**

Работники, достигшие 5-ти и менее лет *(в исключительных случаях, по состоянию здоровья 6 и менее лет)* до наступления пенсионного возраста

www.railways.kz

**2. ЧТО ВЫПЛАЧИВАЕТ АО «НК «ҚТЖ»?**

1. разовые выплаты до 4-х окладов
2. ежемесячно денежное пособие

www.railways.kz

**3. КОГДА АО «НК «ҚТЖ» ВЫПЛАЧИВАЕТ ПОСОБИЕ?**

С момента расторжения Трудового договора до наступления пенсионного возраста

www.railways.kz

**4. КАКОЙ РАЗМЕР ПОСОБИЯ?**

От 70 000 до 200 000 тенге
В зависимости от стажа работы в отрасли и количества оставшихся месяцев до пенсионного возраста

+ льготы для пенсионеров АО «НК «ҚТЖ»

www.railways.kz

## ПРОГРАММА НЕ РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ, ЕСЛИ КОМПАНИЯ:

- предложит трудоустройство в группу АО «НК «ҚТЖ»;
- предложит трудоустройство в другие организации, оказывающие услуги группе Компании в рамках передачи услуг на аутсорсинг;
- предложит заключить договор гражданско-правового характера с группой АО «НК «ҚТЖ».

С учетом всех вышеуказанных причин окончательное решение принимает Комиссия при обоснованном заключении рабочей группы филиала/дочерней организаций.

За подробной информацией можно обратиться в кадровые службы по месту работы.

www.railways.kz

## УЙТИ РАНЬШЕ НА ПЕНСИЮ МОЖНО, ЕСЛИ:

1. Сокращена должность сотрудника
2. Невозможно трудоустроиться в группу АО «НК «ҚТЖ»:
- по состоянию здоровья;
- нет подходящей вакансии в регионе проживания;
- недостаточная квалификация работника на предлагаемую должность.



8-771-191-88-16
через мобильное приложение ИС ПБ

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



**«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»**

Если вы столкнулись с неправомерными действиями или несправедливостью со стороны руководителей просим вас сообщать об этом

КАЖДОЕ ОБРАЩЕНИЕ будет рассмотрено и предоставлен ответ

по телефону 8-800-080-4747

№53-54 (2661-2662) 16/07/2021

**Маңғыстау халқына биылғы құрғақшылық оңай тиіп жатқан жоқ. Күйіп кеткен даладан талғажу етер шөп таппай арыған мал, суға жарымаған халықтың жанайқайы биылғы жаздың даулы тақырыбына айналды. Су мәселесі Түркіменстанмен шектесетін шекарадағы Болашақ станциясының да «бас ауруына» айналғалы қашан. Жуырда ауыл тұрғындары осы мәселемен хабарласқан еді...**

# СУ ТАПШЫЛЫҒЫ – БОЛАШАҚТЫҢ «БАС АУРУЫ» ...

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Осыдан бірнеше жыл бұрын еліміздің маңызды экономикалық жобаларының бірі ретінде ашылған Болашақ станциясы тұрғындарының айтуынша бүгінде, су – алтынмен тең болып отыр. Ауыл тұрғындарының дені теміржолшылар, станцияда еңбек ететіндердің сексен пайызы сол ауылда тұрады. Болашақ ашылғанда отбасымен жаңа станцияға қоныс аударған олар жыл сайын жазда су тапшылығынынң зардабын тартатынын айтады, дегенмен биыл бұл мәселе шырқау шегіне жеткен. Жағдайдың анық қанығын зерттеп көрген едік.

Болашақ ауылын сумен қамту үшін Маңғыстау магистральды желі бөлімшесі «Өзенинвест» МКК-мен келісімшартқа отырған. Ал суды жеткізуге жауапты «Теміржолсу Маңғыстау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. «Өзенинвест» келісімшарт бойынша күнделікті белгіленген мөлшердегі суды халыққа жібереді.

– Болашақ бағытына берілетін су көлемі жаз айларында күніне 200 текше метр, бірақ бізге соның тек қана 106 текше метрі келеді. Кінә кімнен? Бірі белгіленген мөлшердегі суға ақша бөліп, екіншісі соны жіберіп отырса. Жалпы, күніне екі сағаттан үш мезгіл су келуі керек еді. Қазір оның орнына күніне бір сағаттан екі мезгіл аламыз. Жаздың мынадай аптап ыстығында ол теңіздің тамшысындай. Маңғыстаудың ауа райы белгілі, құрғақшылық, жазы қапырық аптап ыстық. Сондай күнде су тапшылығы өте қиын, – дейді Болашақ ауылдық қоғамдық қауымдастық төрағасы, станциядағы өрт сөндіру пойызының қызметкері Ерболат Битиков.

Болашақ ауылында бүгінде 120 отбасы, әр үйдің ауласында ағаш, егіні, мал жаны бар, бәріне су керек. Сондықтан ауыл тұрғындары су мәселе бойынша шағымданып, жергілікті әкімдікте жиын өткен. Бұрын да ауыл және аудан әкімдеріне хат жолдаған екен. Нәтиже жоқ.

– Бүгінде су беру уақыты қысқарған, түсте және кешкі мезгілде бір сағат, жарты сағаттай ғана береді. Ауыл әкімі ағаш егіңдер, айналаны көгалдандырыңдар дейді, адамдар ауласына жеміс ағаштарын, көк-сөк еккен. Станция ғимараты төңірегіне де көктемде 25 дана шыбық егілген. Бұрыннан өсіп тұрған 40 түп болатын. Биылғы өскіннен тек төртеуі аман қалды, қалғаны қурап жатыр. Маңғыстаудың ми қайнатар ыстығында бір екі күн сусыз тұрса болды, қурап кетеді, – дейді Болашақ станциясы бастығының орынбасары, ауыл тұрғыны Нұрасыл Анарбаев.

### ТЕГІН ТҰТЫНУДЫ ТОҚТАТУ КЕРЕК ПЕ?

Бұл мәселеге қатысты Болашақ ауылының әкімі Түзелбай Сағиевтың пікірін білген едік. Айтуынша, Болашақты сумен қамту әкімшіліктің емес, ҚТЖ құзырында. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі (НЖС-14) мен «Өзенинвест» МКК арасындағы келісімшартқа сәйкес жазда күніне 200, айына 6000 текше метр су берілуі керек. Соңғы екі үш апта көлемінде уақыты қысқарып кеткені де рас. Одан бұрын күніне бір сағаттан үш мезгіл беріліп тұрған.

– Ауыл тұрғындары суды тегін тұтынады, соны тоқтату керек. Егер судың тарифін қорғау арқылы ақылы қылса есепсіз пайдалану қысқарар еді. Сонда ғана қазіргі беріп жатқан мөлшердің қаншалықты жетпейтіндігін анықтай аламыз. Сол арқылы қосымша суға сұранысты көбейтуге болады. Жаз айларынан басқа уақыттарда айына 4500 текше метр беріледі. Жазға қосымша тағы 1500 текше метрдей су керек. Ауылды толық қамтуға шамамен күніне 250-280 текше метр қажет. Алайда бүгінгі алып отырған 200-ге де жетпейді.

